

«Бекітемін»

Қазақстан Республикасы Білім
және ғылым вице-министрі

Б.А. Асылова

« 03 » 2018 ж.

**Орта білім берудегі оқу жетістіктерін сырттай бағалау бойынша
«Ағылшын тілі» пәнінен 11-сыныпқа арналған тест спецификациясы**

Қазақстан Республикасының мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартына, Жалпы білім беру ұйымдарына білім беретін пәндердің оқу бағдарламасына негізделіп құрастырылған құжат.

1. Мақсаты: 11-сынып оқушыларының ағылшын тілі пәні бойынша дайындық деңгейлерін бағалау.

2. Тест мазмұны: Тест тапсырмаларының қиындығы 3 деңгейде беріледі: бірінші деңгейде - 15, екінші деңгейде – 9, үшінші деңгейде – 6 тапсырма.

Тест жалпы білім беретін мектептерге арналған оқу бағдарламасына сәйкес ағылшын тілі пәні бойынша оқу материалдарынан тұрады.

№	Бөлім	№	Тақырып	№	Тақырыпша
01	Лексика мен орфография	01	Синонимдер, антонимдер	01	Синонимдер, антонимдер
		02	Лексикалық бірліктердің тіркестігі	01	Ауызекі сөйлем лексикасы, орфография, фонетика
				02	Перифраз, аударма
03	Тұрақты ұғымдар	01	Фразалық етістіктер		
		02	Идиомалар. Мақалдар		
02	Морфология	01	Артикль, предлогтар	01	Артикль, предлогтар
		02	Туынды сөздер	01	Приставкалар, жұрнақтар, жалғаулар, күрделі сөздер
		03	Сөз таптары	01	Зат есім. Зат есім түрлері. Зат есімнің тәуелденуі
				02	Есімдіктер: жіктік, тәуелділік, сілтеу, белгісіздік, сұраулы
				03	Сын есім мен үстеу. Сын есім мен үстеудің салыстырмалы шырайлары
				04	Сан есім. Есептік және реттік сан есімдер
05	Етістік. Етістіктің негізгі түрлері: 'to be', Indefinite Tense (present, past, future), Continuous Tense (present, past, future), Perfect tense (present, past, future), Future – in – the – past, Passive Voice. Модальды етістіктер				
06	Етістіктің жақсыз түрлері: Gerund, Participle I, II, Infinitive				
03	Синтаксис	01	Сөйлемдер	01	Сөйлемдер: жай, болымсыз және сұраулы сөйлем. Сөйлемдегі сөздердің орын тәртібі
				02	Төл сөз, төлеу сөз. Шақтардың қиысуы
				03	Райлар: бұйрық рай, ашық рай, шартты рай
				04	Complex Object. Complex Subject
		02	Құрылым,	01	there is/there are, to be going to, used to

			айналым		
04	Мәтінмен жұмыс	01	Мәтінмен жұмыс	01	Мәтінмен жұмыс
05	Елтану	01	Елтану	01	Қазақстан
				02	Ұлыбритания, ағылшын тілінде сөйлейтін елдер

3. Тапсырма мазмұнының сипаттамасы:

Лексика мен орфография – орфографиялық және орфоэпиялық дағдыларын анықтау.

- Фразалық етістіктерді (get: get into, get on with, get back; make: make for; look, go, take: take off, put, come, carry, work out, point out, pickup, drop: drop out, drop off, see off, slow down, set off, speed up);

- синонимдік қатар, антонимдік жұптар, сөздердің көпмағыналығын білу;

Морфология: Потенциалды сөздікті кеңейтуге арналған туынды сөзқұраушы (аффиксация)

- Зат есімдердің жұрнақтары: -ist, -ian, -ect, -er(-or), -tion/-sion, -ment, -ity, -ance, -ence, -су, -у;

- Сын есімдердің префикстері мен жұрнақтары: : un-, in-, im-, ir-, -al/-il, -able/-ible, -ous, -ly, -y, -ic, -(i)an, -ing, -al, -esque, -ish;

- Етістіктердің префикстері мен жұрнақтары: un-, re-, mis-, dis-, -en;

- Үстеулердің префикстері мен жұрнақтары: un-, -ly;

- Конверсия (етістік -зат есім to import – import; to increase – increase;сын есім -зат есім poor – the poor);

- Біріккен сөздер (зат есім +зат есім: housework;сын есім +зат есім: wildland);

- қысқарған сөздер (аббревиатура,акронимдер, аралас және т.б.);

(be able to, have to, ought to , to be to) модальді етістіктер және олардың эквиваленттерінің ауызша қолданылуы;

Ондық және бөлшектік сан есімдер;

Мекен жай, мезгіл, бағыт бағдар предлогтары;

Толықтауыш функциясындағы -it есімдігі; мекен жай іс әрекетін білдіретін толықтауыш to, for предлогымен білу.

Синтаксис:

1) I wish/If only; I would rather/you had better құрылымдарын;

2) Complex Object және Complex Subject;

3) келер шақ іс әрекетін білдіру үшін to be going to;

4) I wish / If only;

- жақсыз сөйлемдер: есімше, герундий, инфинитив;инфинитивтің сөйлемдегі қызметі, for предлогымен инфинитивтік айналым, to демеулігімен инфинитивтің қолданылуы,герундийдің сөйлемдегі қызметі, тәуелсіз есімшелі тіркесін;

- хабарлы,болымсыз, сұраулы сөйлемдердің құрылымы;бірнеше сын есім және пысықтауышпен кең таралған жай сөйлемдер.Сұраулы сөйлемдердің түрлері. 0, 1, 2, 3 шартты сөйлемдері және аралас түрі.Амал және мақсат бағыныңқы құрмалас сөйлемдерінің құрылымын білу.

Мәтінмен жұмыс:

-түпнұсқа мәтіннің негізгі мазмұнын түсіне отырып оқу (тақырыпты анықтау,негізгі ойды белгілеу,басты фактілерді анықтау, мәтіндегі негізгі фактілердің логикалық тізбектілігі)

-қажетті мәліметті түсініп мәтінді оқу;

-әр түрлі жанрдағы аутентивті мәтіндерді толық және нақты түсініп оқу.

Елтану:

- Ұлыбританияның, АҚШ және Жаңа Зеландияның мемлекеттік құрылымын;

- АҚШ, мектептердегі білімінің өзгешеліктері және мектептің үлгілерін;
- Австралия мен Жаңа Зеландияның географиялық орналасуы, ауа райы мен халқы, жануарлар және өсімдіктер әлемін;
- Австралия мен Жаңа Зеландияның атақты адамдарын;
- Қазақстанның және тілді оқып жатқан елдің тарихының маңызды оқиғаларын білу.

Лексика мен орфография:

- өтілген лексикалық бірліктердің (сөз, сөз тіркестері) негізгі мағыналары;
- тілді оқытатын елдегі сөздік этикеттің негізгі шамалары (репликалар, кең таралған лексикалар);
- өтілген сөздердің дұрыс жазылуы.

Морфология:

- сөз тіркестерінің (аффиксация, күрделі сөздер, конверсия) негізгі әдіс-тәсілдері;
- өтілген грамматикалық көріністердің белгілері (етістіктің шақ формалары, ырықты және ырықсыз етістер, модальды етістіктер және оның эквиваленттері, артикльдер, зат есімдер, сын есім мен үстеудің салыстырмалы шырайлары, есімдік, сан есім (реттік, жинақтауыш), предлог).

Синтаксис:

- жай және күрделі сөйлемнің құрылымының өзгешеліктері;
- төл сөзді төлеу сөзге аударудың ережелері;
- етістіктің формалары (причастие және герундий);

Мәтінмен жұмыс:

- түпнұсқа мәтіннің негізгі мазмұнын түсіне отырып оқу (тақырыпты анықтау, негізгі ойды белгілеу, басты фактілерді анықтау, мәтіндегі негізгі фактілердің логикалық тізбектілігі).

Елтану:

- Ұлыбританияның Біріккен Корольдігінің және солтүстік Ирландияның мемлекеттік құрылымы;
- АҚШ, мектептердегі білімінің өзгешеліктері және мектептің үлгілері;
- ағылшын тілді елдердің және Қазақстанның мәдениеттік мұрасы;
- бүкіләлемдік белгілі көрікті орындар, Қазақстанның және оқылатын тілдің елінің мәдениетінің үздік қайраткерлері.

4. Тапсырмалар формасы:

Тест бір дұрыс жауапты (берілген бес жауап нұсқасынан бір дұрыс жауапты таңдау) 20 тапсырмадан және бір немесе бірнеше дұрыс жауапты 10 тапсырмадан тұрады. Таңдаған жауапты жауап парағында берілген пәнге сәйкес орынға, дөңгелекшені толық бояу арқылы белгілеу қажет.

5. Жеке тапсырмалар мен жалпы жұмысты бағалау:

Тестіленуші бір дұрыс жауапты тест тапсырмасын дұрыс орындаса 1 балл, дұрыс орындалмаған тапсырмаға – 0 балл алады.

Тестіленуші бір немесе бірнеше дұрыс жауапты тест тапсырмасын дұрыс орындаса 2 балл, бір қате үшін – 1 балл, екі және одан да көп қате үшін – 0 балл алады. Толық тест бойынша максималды балл – 40.

6. Тест тапсырмаларын апробациядан өткізу:

Тест тапсырмалары ҚР мектептерінің 11 сыныптарында апробациядан өтеді.

Жан

Аманжол

Төрлеу

Мұса

Р. Аманжол

Ш. Мұса